



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ: СОҢҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ТАЛДАУ

Ақша-несие саясаты – кез-келген мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады және ол экономиканың тұрақтылығы мен айналымдағы ақшаның теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында орталық банк сияқты өкілетті ұйым тарапынан жүргізіледі. Біздің елде бұл рөлді Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі атқарады. Бұл банктің мақсаты – экономиканы қажетті монетарлық ресурстармен қамтамасыз етуге және экономикалық өсу мен инфляцияны қолайлы деңгейде ұстап тұруға бағытталған ақша-несие саясатын жүзеге асыру. Ұлттық даму стратегиясында көзделген мақсаттарға қол жеткізу және Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 50 елдің қатарына кіруі үшін ақша-несие саясатын дұрыс әрі тиімді түрде жүзеге асыру қажет. Сонымен бірге, тұрақты экономикалық даму үшін мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі елдегі инфляция деңгейін бірте-бірте төмендету үшін жағдай жасау және тиісті шаралар қабылдау болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 Заңында банктің негізгі мақсаты елде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету екені көрсетілген. Қазақстанның прогрессивті дамуымен мемлекеттің ақша-несие саясатына сәйкес бұл заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Тұрақты және тиімді ақша-несие саясатына қол жеткізу барысында Қазақстан соңғы 27 жылдағы негізгі макроэкономикалық үрдістерді көрсететін бірқатар маңызды кезеңдерді бастан өткерді. Әрбір кезең үшін Ұлттық банктің ақша-несие саясатының тиісті шаралары мен міндеттері анықталды, олардың орындалуы инфляцияны төмендету және ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты болды.

Жыл сайын Ұлттық банк өткен жылғы ақша-несие саясатының нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған негізгі даму бағыттарын қамтитын құжат әзірлейді. Ұлттық банк соңғы үш жылда инфляцияның жылдық көрсеткіштерін белгілеуде. Мысалы, 2017 жылы елдегі инфляция Ұлттық банк белгілеген 6-8%-дық болжам шегінде болып, 7,1% деңгейіне жетті. Бұл инфляция деңгейі 8,5% болған 2016 жылғы көрсеткіштен төмен. 2018 жылдан бастап бұл параметрлер орта

мерзімді инфляцияға қол жеткізу стратегиясы шеңберінде біртіндеп төмендеп келеді. Ұлттық банк басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы №242 қаулысымен Қазақстан Республикасының 2018 жылға арналған ақша-несие саясатының негізгі бағыттары бекітілді, оған сәйкес банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарына сүйенуді жалғастырды. Бұл қағидаттарды қолдану туралы Ұлттық банк 2015 жылдың 20 тамызында шешім қабылдаған болатын. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, инфляциялық таргеттеу инфляция деңгейін бәсеңдету мен тұрақтандыруда тиімді реттеу құралы болып табылады.

2018 жылдың соңында Ұлттық банк басқармасы 2019 жылға арналған ақша-несие саясатының негізгі бағыттарын мақұлдады. Құжат, сондай-ақ, 2018 жылғы ақша-несие саясатының іске асырылуы туралы есепті қамтиды. Өткен жылдың негізгі жетістіктерінің бірі инфляциялық үдерістің баяулауы болды. 2018 жылға арналған болжамды инфляция деңгейі 5-7% шеңберінде белгіленді және жыл соңына қарай Ұлттық банк инфляцияны белгіленген меженің ең төменгі шегіне жақын 5,3% деңгейінде сақтады, бұл 2017 жылға қарағанда 1,8%-ға төмен. Бұл төмендеу үрдісіне ақша-несие жағдайларын тиісті деңгейде ұстап тұру, сондай-ақ, Қазақстанның сауда серіктестерінен әкелетін өнімдеріндегі инфляцияның төмен деңгейі сияқты факторлар мен бірқатар тиімді шаралар ықпал етті. Инфляцияның күрт төмендеуінің тағы бір факторы тұтынушылық несиелендірудің оң өсу қарқыны болды. Инфляциялық таргеттеумен қатар, Ұлттық банк ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамы режимін ұстануды жалғастырды. Тенге бағамы 2018 жылы дербес түрде қалыптасты, реттеуші органның араласуы ең аз дәрежеде болды. Нәтижесінде инфляцияның бәсеңдеуі бағамы бір жыл ішінде 12%-ға құнсызданған ұлттық валютаның девальвациясы аясында болды. Ұлттық банк 2019 жылы да ақша-несие саясатын инфляциялық таргеттеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асыра бермек. Осы стратегия шеңберінде 2019 жылға арналған инфляция болжамы 1%-ға төмендеді. Демек, негізгі мақсаттардың бірі инфляцияны 2020 жылдың соңына дейін 4%-ға дейін төмендету және кейінгі жылдары осы деңгейде ұстап тұру үшін инфляция деңгейін 4-6% шегінде

сақтау болып табылады. Ақша-несие саясаты туралы шешім қабылдаған кезде Ұлттық банк елдегі экономикалық жағдайға теріс әсер ете алатын ішкі және сыртқы факторлардың әсерін қадағалап, бақылайтын болады. Мұнай бағалары мен Ресей рублінің динамикасы негізгі сыртқы факторлар болып қала бермек. Жағымсыз сыртқы әсер орын алған жағдайда, Ұлттық банк қатаң ақша-несие саясатын жүргізуге дайын.

Соңғы үш жылда Ұлттық банк елдегі банк секторының тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұтастай алғанда бүкіл экономиканың тұрақты өсуіне бағытталған бірқатар шараларды қабылдады. 2018 жылы резервтік міндеттемелер мен активтердің құрылымы және стандарттар деңгейі бойынша ең төменгі резервтік талаптар тегінің тиімділігін арттыру жөніндегі 2017 жылы басталған жұмыстардың аяқталғанын атап өткен жөн.

Ақша-несие саясатының алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері белгіленді деп айтуға болады. Ұлттық банктің негізгі міндеті биылғы жылы да баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және жылдық инфляцияның төмен деңгейін қамтамасыз ету болып қалады. Ал реттеуші орган ақша-несие саясатының құралдарын жетілдіруге бағытталатын болады. Ұлттық банк алдағы кезеңде де ұлттық валютаның еркін өзгермелі қағидаттарын ұстануды жалғастырады, ал айырбас бағамының тұрақсыздандыратын ауытқуын түзету үшін валюталық интервенцияларды жүргізетін болады. Базалық мөлшерлеме негізгі құрал ретінде қалады, оның мөлшері елдегі инфляцияның нақты және болжамды көрсеткіштеріне және басқа да параметрлерге байланысты анықталады. Ұлттық банк 2019 жылы базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер сегіз рет қабылданатынын анықтады, олардың төртеуі өзгермелі айырбас бағамына өту және инфляциялық таргеттеуді енгізу шеңберінде жасалған банктің талдау және болжау жүйесінің нәтижелеріне негізделетін болады. Бұл ретте базалық мөлшерлеме ұзақ мерзімді әлеуетті экономикалық өсу қарқынымен салыстырмалы деңгейде сақталады. Ұлттық банк ақша-несие саясатының беделін арттыру және инфляциялық межені тежеу мақсатында өз жұмысының ашықтығы мен болжамдылығын арттыруды жоспарлап отыр.

Жазушы: Жандос Ранов,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сырткы катынастар және кауіпсіздік

- Түркия Өзбекстанмен және Қырғызстанмен гуманитарлық ынтымақтас-тықты нығайтуға дайын екенін мәлімдеді. Бұл тұрғыда, 2018 жылдың сәуір айында Түркия Президенті Ре-жеп Тайып Ердоған Өзбекстанмен мәдениет саласындағы ынтымақтас-тық туралы және Қырғызстанмен спорт және мәдениет саласындағы ынтымақтас-тық туралы келісімдерге қол қойған болатын.
- Қазақстан Сыртқы істер министрлігі және қауіпсіздік қызметі Сириядан Қазақстанның 47 азаматын, соның ішінде 30 баланы елге қайтару бойынша арнайы гуманитарлық опера-ция өткізді. Әскери топтар тарапы-нан тұтқында болған адамдар бір ай бойы бейімдеу орталығында болып, қажетті медициналық көмек алады. Президент Н.Ә. Назарбаев Сирияға еріксіз әкетілген балаларды елге қай-тару жөніндегі жұмыстарды жалғас-тыруға уәде берді.
- Үндістан, Ауғанстан және Орталық Азияның бес мемлекетінің сыртқы істер министрлері Самарқандта өт-кен Үндістан-Орталық Азия диало-гының алғашқы кездесуіне қатысты. Үндістан мен Орталық Азия арасын-дағы тарихи байланыстарға назар аударған тараптар аймақтағы қауіп-сіздік, тұрақтылық пен орнықты да-муды қамтамасыз ету үшін екіжақты және көпжақты деңгейде әртүрлі са-лалардағы серпінді және өзара тиімді ынтымақтас-тықты жүзеге асыруға дайын екендіктерін білдірді.
- Елдің әлеуметтік-экономикалық да-муы туралы үкімет отырысында сөй-леген сөзінде Беларусь Президенті Александр Лукашенко Беларусь пен Ресейдің біртұтас мемлекетке бірігуі күн тәртібінде болмағанын айтты. Ол екі елдің бірлестігі тек тең және әділ негізде қалыптаса алатынын және екі мемлекеттің де еркіне негізделуі ке-рек екенін атап өтті.
- Foreign Policy журналына сәйкес, Бе-ларусь елде рұқсат етілген АҚШ дип-ломаттарының саны бойынша шек-теуді алып тастады. Бұл шектеулер 2008 жылы АҚШ Беларусь мемлеке-тіне адам құқықтарын бұзғаны үшін санкция салғаннан кейін енгізілген болатын. Сол кезде АҚШ-тың соңғы елшісі Минскіге жіберілді, ал елде қызмет еткен 35 дипломаттың 30-ы шығарылды.
- Әзірбайжан мемлекеттік шекара қыз-меті мен Иран шекара әскерлерінің делегациялары Иранның Билясувар қаласында кездесу өткізді. Тараптар кездесу барысында шекаралық қауіп-сіздік мәселелерін, атап айтқанда, трансшекаралық қылмысқа және халықаралық терроризмге қарсы күрес мәселелерін талқылады. Тараптар, сондай-ақ, тиісті шекаралық бақылау бекеттерінде адамдарды, көлік құ-ралдарын және жүктерді сенімді ба-қылауды ұйымдастыру бойынша қа-жетті рәсімдерді талқылады.
- Жақын арада Тәжікстан-Өзбекстан шекарасында Бабатаг деп аталатын жаңа шекаралық өткел ашылды. Ол күндізгі уақытта жұмыс істейтін бо-лады және Тәжікстанның Гиссар

ауданы мен Өзбекстанның Ұзын ауданын байланыстырып, екі елдің азаматтарына ғана қызмет ететін бо-лады. 2018 жылы екі ел 14 шекара-лық өткелді қайта ашты. 2019 жылы 3-15 жаңа өткел іске қосылады деп күтілуде.

Экономика, қаржы және энергия

- 2018 жылдың алғашқы 11 айында Қы-тай мен Ресей арасындағы екіжақты сауда көлемі 2017 жылдың ұқсас кезе-мінен салыстырғанда 27,8%-ға артып 97,24 млрд. долларға жетті және 2018 жылдың желтоқсан айының ортасына қарай 100 млрд. доллардан асты. Қытай Ресейдің ірі сауда әріптесі болып қала беруде және бұл Қытай-Ресей экономи-калық қатынастары тарихындағы ре-кордтық көрсеткіш болып табылады.
- Еуропа қайта құру және даму банкі 2018 жылы Беларусьтағы 21 жобаға 360 млн. еуродан астам инвестиция салды. Бұл 1992 жылы банк елде жұмыс істей бастағаннан бергі ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Банк тарапынан қар-жыландырылатын салаларға суды та-зарту, қатты қалдықтарды басқару, жолдарды реконструкциялау, жиһаз өн-дірісі, ауыл шаруашылығы, фармацев-тика, банк қызметтері, тұрғын үйлердің энергия тиімділігі және жаңартылатын энергия көздері жатады.
- Азия даму банкі аймақтық энергетика-лық сауданы ұлғайтуды қолдау және Түркіменстанды Орталық Азия энерге-тикалық жүйесіне қайта қосып, оған Ауғанстанды да қатыстыру мүмкіндігін зерттеу мақсатында 4,5 млн. доллар кө-лемінде техникалық көмек көрсету грантын мақұлдады. Орталық Азия ел-дері арасында сатылатын энергия кө-лемі 1990-2016 жылдары 25,4 млрд. кВт / сағаттан 2,1 млрд. кВт / сағатқа дейін күрт төмендеді.
- Тәжікстан 2019 жылдың көктем-жаз мезгілінде Ауғанстан мен Өзбекстанға электр энергиясын экспорттауды жос-парлап отыр. Тәжікстан энергетика са-ласының ресми өкілдерінің айтуынша, елдің таулы аймақтарында қар көп және жаңадан іске қосылған энергетика-лық қуаттар электр энергиясы өндірі-сін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл мә-селе бойынша алдын ала келіссөздер 2019 жылдың бірінші тоқсанында өтеді деп күтілуде.
- Бакуде өткен ұшжақты кездесуде Әзір-байжан, Ауғанстан және Түркіменстан-ның байланыс және ақпараттық техно-логияларға жауапты үкімет өкілдері Каспий теңізі арқылы талшықты-опти-калық кабель желісін салу және Ауған-станды Түркіменстан арқылы интернет желісімен қамтамасыз ету перспективаларын талқылады. Тараптар үш елдің сарапшыларынан тұратын тиісті жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдады.
- Газ экспорттаушы елдер форумы жариялаған 2018 жылғы жаһандық газ болжамына сәйкес, Еуразия 2040 жылға қарай газ өндіруді 300 млрд. текше метр-ге арттырады және Солтүстік Амери-кадан кейін әлемдегі екінші ірі газ өнді-руші аймағы ретінде өз позициясын сақтайды. 2017 жылы аймақта жалпы 849 млрд. текше метр газ өндірілді.
- Дүниежүзілік банктің Жаһандық эконо-микалық перспективалары есебіне сәй-кес, Грузияда 2019-2021 жылдар кезе-ңінде жыл сайын 5%-дық тұрақты эконо-микалық өсім болады. Банктің

Еуропа және Орталық Азия елдері үшін 2019 жылға арналған болжамдары бойынша Грузиядан тек үш ел ғана озыды: Тәжікстан (6%), Түркіменстан (5,6%) және Өзбекстан (5,1%). Грузия билігі мұндай бағалау инвестиция ағынына оң әсерін тигізеді деп санайды.

Қоғам және мәдениет

- Қырғызстан мен Өзбекстан «Гардиан» газетінің ең үздік 40 демалыс орны тізі-міне кірді. Қырғызстан «жартылай көшпелі халықтар әлі де алтын бүркіт-пен аң аулайтын, қол тимеген жабайы табиғаты бар» таулы және теңізге шығу мүмкіндігі жоқ ел ретінде сипатталады. Ал Өзбекстан өз қонақжайлылығы, әсерлі архитектурасы және Жібек жолы мұрасымен танымал реформаторлық мемлекет ретінде бейнеленген.
- Әзірбайжанның Мемлекеттік көші-қон қызметі мәліметтері бойынша, 2018 жылы 2,84 миллионнан астам шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам елге келді. Бұл 2017 жылға қарағанда 6%-ға көп. Сонымен қатар, Бакудегі Гайдар Алиев халықаралық әуежайы барлығы 4,43 млн. жолаушыға қызмет етіп, жо-лаушылар тасымалы үшін жаңа рекорд орнатты. Бұл 2017 жылға қарағанда 9%-ға жоғары.
- Қазақстанның Азаматтық авиация ко-митетінің мәліметі бойынша, қазақ-стандық авиакомпаниялар 2018 жылы шамамен 7,8 млн. жолаушыны тасы-малдады, бұл 2017 жылға қарағанда 7%-ға көп. Ал Қазақстан әуежайла-рында 14 миллионнан астам жолау-шыға қызмет көрсетілді. 2018 жылы транзиттік жолаушылар саны 2017 жылғы 620 мыңмен салыстырғанда 40%-дан астам өсіп, 900 мың адамға жетті.
- 2018 жылы Қазақстандағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығына келушілер саны 2017 жылмен салыстырғанда (1,13 млн. адам) 8%-ға артып, 1,22 млн. адамға жетті. Жүк терминалының аумағы 900-ден 3,500 шаршы метрге дейін ұлғайды және 12 компания жалпы ауданы 193 мың шаршы метрді құрайтын объекті-лерді салуға инвестиция жасады.
- Өзбекстан 2019 жылдың I ақпанынан бастап елде туризмді дамытуға жардем-десу мақсатында қосымша 45 елдің аза-маттары үшін 30 күндік визасыз ре-жимді енгізеді. Бұдан бұрын визалық режим мен Өзбекстанда қалу ережелерінің жеңілдетілуі елге келетін шетел-діктер санының екі есе артуына себеп болды. Бұл көрсеткіш 2017 жылы 2,6 миллионнан 2018 жылы 5,3 млн. адамға дейін жоғарылады.
- Түркіменстанда күшіне енген жаңа заң сауда кәсіпорындарына демалыс күн-дері (қоғамдық тамақтандыру қызметін ұсынууды қоспағанда) мен ұлттық мере-келерде алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салады. 2021 жылдың қаңтар айынан бастап сенбі-жексенбі күндері ішімдіктің бөлшек саудасына тыйым салынатын болады. Заң сондай-ақ, ал-коголь өнімдерінің кез келген жарнама-сына және оны 21 жасқа толмаған адам-дарға сатуға тыйым салады.
- Ғарышты зерттеу тарихында алғаш рет Қытай бір жыл ішінде орбитаға басқа елдерге қарағанда көбірек зымыран ұшырды. 2018 жылы Қытай Ресей, Еуропалық Одақ және Үндістаннан озып, орбитаға 39 рет зымыран ұшырды, ал АҚШ 34 рет зымыран ұшы-рып екінші орынды иеленді. Қытай со-нымен қатар Айдың арғы бетіне ғарыш аппаратын қондырған алғашқы мемле-кет болды.